

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Бұйрық №3 Н/Қ

01.09.2025 ж

**Бөбекжайда сыбайлас жемқорлықтың
алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, ұйым қызметінің ашықтығын, әділдігін және заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «LauRus» бөбекжайында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстар тұрақты негізде ұйымдастырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметтік әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Ата-аналардан заңсыз ақшалай қаражат, сыйлықтар немесе өзге де материалдық құндылықтарды талап етуге және қабылдауға жол берілмесін.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету, балаларды қабылдау және басқа да ұйымдастыру жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ашық әрі әділ жүзеге асырылсын.
6. Ақпараттық стендтерде және ұйымның ресми ақпараттық ресурстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы материалдар тұрақты орналастырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау меңгерушіге жүктелсін.



Г. Бижанова

Бижанова Г.Н